



# Әуезов даңғылындағы той

**Мұратхан КЕНЖЕХАНҰЛЫ**

Өскемендегі Әуезов даңғылында Мұхтар Әуезовтің 120 жылдық тойы тойланды.



Дмитрий Франчук

Даңғыл бойындағы әр аялдамаға ұлы Абай мен Мұхтар Әуезовтің шығармаларынан сыр шертетін кітап көрмелері ұйымдастырылып, көшеде жүргіншілермен қызықты сұхбаттар өткізді. А.Пушкин атындағы облыстық кітапхананың мұрындық болуымен өткен шараға облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы, Оралхан Бөкей атындағы қалалық орталық кітапхана, сондай-ақ, зағиптарға арналған облыстық кітапхана

қызметкерлері атсалысты

Қалалық кітапхана қызметкерлері көше автобустарына мініп, жолаушылардан заңғар жазушының өміріне, шығармашылығына қатысты сұрақтар қойып, дұрыс жауап бергендерге арнайы сый-сияпат жасады. Ертіс жағалауына жақын жердегі Прогресс аялдамасында кітап көрмесін ұйымдастырған олар жас ақындардың отты жырларына да кезек берді.

Ал «Ертіс» қонақүйінің қасында-

ғы аялдамаға көрме ұйымдастырған Пушкин атындағы кітапхана қызметкерлері көрермендер арасында кішігірім сайыс өткізіп жатты. Бұл жердегі ең қызықтысы, көрме қонақтары Әуезовке байланысты сөз жұмбақтар жарысын өткізіп, толық шешкен қала тұрғындарына арнайы жүлдесін берді. Шыны керек, бірнеше аялдаманы аралау барысында өзіміз де Әуезов жайында мағлұматтар алдық. Ал жазушының атындағы аялдамадан тұрақ тепкен балалар және жасөспірімдер кітапханасының ұжымы Абай әндерінің шеруін өткізді. Сайысқа қатысқысы келетіндер әуелі ұяшық таңдап, содан шыққан сұрақтың жауабына орай әндерді нақышы-

мен орындауы керек. Бұл сында С.Аманжолов атындағы ШҚМУ-дың студенттері дес бермеді.

– Осы аялдамада Мұхтар Әуезовтің 120 жылдығына орай, «Мен саған ғашықпын» атты акция ұйымдастырдық. Мақсатымыз – қала тұрғындарына акция аясында бүкіл қазақ жазушыларының шығармасын таныстыру. Сонымен қатар, Абайдың көп айтыла бермейтін әндерін жұрт жадына сіңіріп жатырмыз, – дейді балалар кітапханасының қызметкері Нәргүл Ерболқызы.

Иә, шынында шараға қатысушылар асқақтата ән салды, жазушының өміріне қатысты сұрақтарға таласа жауап беріп жатты.



Манап Мұрзатаев